



Қыз өссе- елдің көркі!!!

ҚЫЗ ӨССЕ- ЕЛДІН КӨРКІ!!!

Тексерген: Байтекеева А.А

Орындаған: Мұқажан Мақпал

Түз адамы деп есептелетін ерлердің ісі – ел, ауыл-үй, шаруашылық қамы болса, үй адамы – әйел затының міндеті – сырттай қарағанда «от басы, ошақ қасы» секілді қарапайым көрінгенімен, нақтырақ зер салсақ, үй ішінің шаруасы-кәсібімен айналысып, бала-шағаны бағып-қағу, өсіру, ағайын жұрттың береке-бірлігіне ұйытқы болу сияқты негізінен үйелменнің құт-берекесін арттыратын ең бір маңызды істер әйелге жүктеліп, әр шаңырақтың тұрмыс-тіршілігі, хал-ахуалы да осы үйдегі ақ жаулықты анамен тығыз байланысты болатыны ұлтымызға тән құндылық деуге болады.



Қазақ – ежелден қызын аялап, жесірін кемсітпеген, аузы дуалы әйелге бүкіл ауыл тоқтаған, әйел-анаға тіршілік берекесі ретінде баға берген халық. Бұлардың ішінде, сонау сақ дәуірінен бергі Тұмар, Домалақ ана, Жанбике, Мұрын, Қызай аналарды саяси көсемнен гөрі рухани дәрежесі биік абзал жандар деп бағалау қисынды. Ал ер-азаматына деген адалдықтан айнымай, қазақ, ұлт мүддесі жолында бар күш-жігерін сарп еткен аналарымыздан бәйтеректей өсіп-өнген ұрпағының – Жанбикеміз, Мұрынбыз, Қызаймыз деп, тұтас тайпаруын атап кетуі де тегін емес.





Қазақ әйелі ері жоқ болса да келген қонаққа мал сойдырып, ұлттық меймандостық, бауырмалдық, қасиеттердің үлгісімен күтіп, үстеріне шапан жауып шығарып салып жататынын көне тарихтардан жақсы білеміз. Сондай мәртебеге ие бола тұра қазақ әйелі ешуақытта отағасына қатты сөз қатпай, бас иесі ретінде мойынсұнып, балаларын да әкені құрметтей білуге тәрбиелеген. Міне, осындай қатал әрі адал тәрбиенің арқасында қазақта ұрыс-керіс, ажырасу сияқты жайттар сирек кездесетін еді.

Батыр қыздырымыз

Соғыс жылдарының шежіресіне назар аударсақ, қазақ қыздарының ерлігі қайран қалдырады. Оларды майданның әр тұсынан, әскери құрамалардың әр түрінен кездестіруге болатын. Қазақ қызынан ұшқыш та, танкист те, барлаушы да, партизан да шықты. Сонау етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен шатқалаң кезеңде азамат жүгін арқалап, мыңдаған қазақ қыз-келіншектері уақыт тезінен, тарих талқысынан сүрінбей өтті. Олар, аяғына солдаттың керзі етігін киіп Мәскеуден Берлинге дейін шеру тартты. Рейхстагта желбіреген Қызыл Туда да қазақ әйелінің өз үлесі, даңқты жолы бар.





Қорыта айтсақ, Ұлы Отан соғысына қатысқан әрбір жауынгер қазақ қызын нағыз батыр деп бағалауға әбден болады. Қазақ әйелі соғыстың зардабын да, салмағын өзгелермен қатар көтере білді. Арайлы таңы алда болса да, сұрапыл соғыс өз ортасынан жұлып әкеткен қаншама ер-азаматтың орнын жоқтатпады. Әлия, Мәншүк, Хиуаз сияқты батыр қыздарымыздың ерлігін әсірелеп, әспеттеудің де қажеті шамалы шығар. Өйткені олардың есімдерін тек Қазақстан ғана емес, кезіндегі КСРО халықтары да жақсы біледі. Сондай-ақ аты-жөндері енді-енді айтылып келе жатқан Рахима Жанбекова, медициналық қызметтің капитаны Мәриям Сырлыбаева, майдан дәрігері Роза Момынова, радистер – Орынкеш Мысырова, Шәкира Ботақанова, Бикен Сәдуақасова, Шағила Құсанова, барлаушы Рахима Ералина, рота капитаны Құралай Натулаева, пулеметші Зинат Оңайбаева, мерген Мәликә Тоқтамысова, медбикелер – Рәзия Ысқақова, Мая Ғабитова сияқты көптеген қаһарман қазақ қыздары Отан үшін жанқиярлықпен шайқасты. Соғыстың соңғы күндері Кеңес Армиясы қатарында 330 мыңнан астам әйел жауынгерлер болды. Қазақстаннан майданға 5183 қыз-келіншек аттанды. Майдандағы дәрігерлердің 41 пайызы, фельдшерлердің 43 пайызы, медбикелердің 100 пайызы әйелдер болатын.

Роза Тәжібайқызы Бағланова –

қазақ әншісі (сопрано), КСРО
халық әртісі (1967 ж.), Халық
қаһарманы (1996 ж.).

1922 жылдың 1-қаңтарында
Қызылорда облысының Қазалы
қаласында туған.





Роза Бағланова эстрада артистерінің Бүкілодақтық ІІ конкурсының дипломанты (1946 ж.), Жастар мен студенттердің Будапештте өткен ІІ Халықаралық фестивалінің лауреаты (1949 ж.).



Әмина Ерғожақызы Өмірзақова – қазақ актрисасы. Қазақ КСР халық әртісі (1965 ж.). 1919 жылдың 8-наурызында Семей облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылында туған.

Әмина Өмірзақова қазақ киносының алғашқы қарлығаштарының бірі ретінде бұл саланың дамуына елеулі үлес қосты.

Қазақ кинематографиясының баға жетпес қазынасына айналған: “Абай”, “Жамбыл”, “Бір ауданда”, “Ана туралы аңыз”, “Арманым менің”, “Ақ шаман”, “Нан дәмі”, “Шанхай” фильмдерінде жасаған бейнелері, әсіресе әйгілі “Тақиялы періштедегі” актриса ойнаған Тана апайдың рөлі қалың жұртшылықтың махаббатына әлі күнге дейін бөленіп келеді.



Әмина Өмірзақова "Ана туралы аңыз" фильмінде. Алматы, 1963 ж.

"Тақиялы періште" фильмінде Тайлақтың анасы Тананың ролінде (сол жақта). Алматы, 1965 ж.





Баяу соққан самал, жусанның ащы исі. Қазақ халқының дарахан даласына тән нәрсе. Осы бір көз жетпейтін шексіз кең даланың төсінде еркін өскен көреген халқымыз ұрпағының келешегіне ерекше көңіл бөлген. Ұл қызының сұлулығын ай мен күнге теңеп, жүріс тұрысына мән берген. Олардың өн бойына ізгілік пен ибалық қасиеттерін сіңіріп өсіруді жіті назарда ұстаған. Қыз өссе елдің көркі деп сұлу қыздың әрбір қимылын, тіпті шолпысы мен сыңғырлаған күлкісін талай арқалы ақын жазушылар жырларына қосып қадірлеген.

Қазақтың ару қыздары









*Назарларыңызға
рахмет!!!!*